

Арқалық қаласы Қайыңды ауылдық округінің Қызылжұлдыз ауылында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 5 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 қыркүйекте № 8054 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2018 жылғы 12 маусымдағы № 01-20/522 ұсынысы негізінде, Қайыңды ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Арқалық қаласы Қайыңды ауылдық округінде орналасқан Қызылжұлдыз ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қайыңды ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы 2017 жылғы 15 тамыздағы № 1 "Арқалық қаласы Қайыңды ауылдық округінің Қызылжұлдыз ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 7188 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайыңды ауылдық округінің әкімі

Ж.К. Минзятков

КЕЛІСІЛДІ

"Арқалық қаласы әкімдігінің
ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Қ. Бейсенов

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Арқалық
қалалық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Канапин

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі Қоғамдық
денсаулық сақтау комитетінің
Қостанай облысы қоғамдық денсаулық
сақтау департаментінің Арқалық
қалалық қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Б. Қорғанбекова